

Ақмола облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2020 жылғы 20 наурыздағы № А-4/152 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 наурызда № 7764 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Ақмола облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

Е.Маржикпаев

Ақмола облысы әкімдігінің
2020 жылғы "20" наурыздағы
№ А-4/152 қаулысына
қосымша

Ақмола облысы әкімдігінің күші жойылды деп танылған, кейбір қаулыларының тізбесі

1. Ақмола облысы әкімдігінің "Орман шаруашылығы саласында мемлекеттік қызмет көрсету регламенттерін бекіту туралы" 2015 жылғы 14 қыркүйектегі № А-9/428 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5022 болып тіркелген, 2015 жылғы 30 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. Ақмола облысы әкімдігінің "Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № А-10/449 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5033 болып тіркелген, 2015 жылғы 11 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. Ақмола облысы әкімдігінің "Су қорын пайдалануды реттеу саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" 2015 жылғы 19 қазандағы № А-10/468 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5083 болып тіркелген, 2015 жылғы 9 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

4. Ақмола облысы әкімдігінің "Жануарлар дүниесі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" 2015 жылғы 12 қарашадағы № А-11/523 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5128

болып тіркелген, 2015 жылғы 29 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

5. Ақмола облысы әкімдігінің "Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № А-10/449 қаулысына өзгерістер енгізу туралы 2016 жылғы 31 мамырдағы № А-7/253 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5441 болып тіркелген, 2019 жылғы 18 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

6. Ақмола облысы әкімдігінің "Су қорын пайдалануды реттеу саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 19 қазандағы № А-10/468 қаулысына өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 25 шілдедегі № А-8/348 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7308 болып тіркелген, 2019 жылғы 12 тамызда Қазақстан Республикасы нормативатық құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталлондық бақылау банкінде жарияланған).

7. Ақмола облысы әкімдігінің "Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № А-10/449 қаулысына өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 30 шілдедегі № А-8/362 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7312 болып тіркелген, 2019 жылғы 12 тамызда Қазақстан Республикасы нормативатық құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталлондық бақылау банкінде жарияланған).